


МУСЫЛМАН ӘЙЕЛДЕРІ және ХИДЖАБ
туралы жаңаша ойлау

Тарихи және заманауи қалыптасқан ойларға
ашық қарсы шығу



ІІТ «Қысқаша кітаптар топтамасы»

МҰСЫЛМАН ӘЙЕЛДЕРІ

және ХИДЖАБ

туралы Жаңаша ойлау

Тарихи және заманауи қалыптасқан ойларға
ашық қарсы шығу

Кэтрин Баллок



Халықаралық ислами ой институты

Бішкек 2023

УДК 297
ББК 86.38-6
Б 20

Кітап демеушілері:
Халықаралық ислами ой институты (ИИТ)
Херндон Вирджиния (АҚШ)
Білім интеграциясы институты (ИКИ)
Грузия Тбилиси

Кітаптың авторы: Кэтрин Баллок
Кітапты қазақ тіліне аударған: Әбуева Амина – Б.: 2023
Кітап редакторы: Каратаев Ерлан

Бұл кітап авторлық құқықпен қорғалған. Ұжымдық құқыққа рұқсаттық туралы келісімге қолданылатын заңды ерекшеліктер мен ережелерді қоспағанда, кітаптың бірде-бір бөлігі баспагердің жазбаша рұқсатынсыз кез-келген түрде көшіріле алмайды. Бұл кітапта айтылған көзқарастар мен пікірлер автордың көзқарасы және баспагердің пікірімен сәйкес келуі міндетті емес. Сыртқы және шетелдік веб-сайттар жағдайында баспагер URL мекенжайларының дұрыстығына жауап бермейді және мұндай сайттардағы мазмұнның дәл немесе маңызды болатындығына кепілдік бермейді.

«Ихсан Хайрия» Қоғамдық қоры тарапынан жарыққа шыққан

**Қырғызстан діни мұсылмандары басқармасының
№ 73 рұқсатымен расталған**

Мұсылман әйелдері және хиджаб туралы жаңаша ойлау: тарихи және заманауи қалыптасқан ойларға ашық қарсы шығу (Kazakh)

Кэтрин Баллок
ИИТ «Қысқаша кітаптар топтамасы»

© Халықаралық ислами ой институты (ИИТ)
1444 АН/ 2023 СЕ
Paperback ISBN 978-9967-493-17-9

Rethinking muslim women and the veil: Challenging historical and modern stereotypes (Kazakh)

Katherine Bullock
ИИТ «Books-In-Brief Series»

The International Institute of Islamic Thought (ИИТ)
1432 АН / 2010 СЕ
Paperback ISBN 978-1-56564-358-1
ИИТ
P. O. Box 669
Herndon, VA 20172, USA
www.iiit.org

Барлық құқықтар сақталған

ISBN 978-9967-493-17-9

УДК 297
ББК 86.38-6

Халықаралық ислами ой институтының «Қысқаша кітаптар топтамасы»

ХИОИ қысқаша кітаптар топтамасы – бұл оқырмандарға түпнұсқаның негізгі мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін жинақталған түрде жазылған Институттың негізгі басылымдарының құнды жинағы. Қысқа, оқуға жеңіл, уақытты үнемдемейтін пішімде шығарылған бұл реттілік үлкен көлемді басылымды мұқият қарап шығуды ұсынады және оқырмандарды түпнұсқаны әрі қарай зерттеуге ынталандырады деп үміттенеміз.

Доктор Кэтрин Баллоктың *«Мұсылман әйелдері және жамылғы туралы жаңаша ойлау»* алғаш рет 2002-ші жылы, ал екінші басылым 2007-ші жылы Халықаралық ислами ой институтымен жарияланды. Бұл «жамылғы – мұсылман әйелдерінің қысымшылық рәмізі» деген танымал батыстық көзқарастың батыл және ақылды сыны. Осы жаһандық мәселемен көтерілген көптеген маңызды әлеуметтік-саяси мәселелерге сүйене отырып, автор Батыстың жамылғыға Тарихи бекітілуін (гареммен отаршылдық пен фетишизм қырларын қоса алғанда) қарайды, феминистік дәрістер жинақты бағалайды және жамылғының баламалы теориясын ұсынады. Шығарманың маңызды ерекшелігі – автордың Канадада жамылғы тақырыбына қатысты мұсылман әйелдерінің көзқарастары, ойлары, тәжірибелері, келешекке бағдарлары арқылы мұсылман бейнесін сипаттайтын үні.

Автор исламды кандидаттық диссертация жазу барысында қабылдаған, және бір қызығы, адамдардың оның дінге кіруіне әсерлі көңіл аударуы диссертациясының басқы тақырыбын жамылғы тақырыбына ауыстырып, кейін оны хиджабты (жамылғыны) зерттеуге мәжбүр етті. Тарихи-мәдени бұрыс түсініктерге толы саланы мұқият және түпкүліпті зерттеу арқылы

автор қазіргі кездегі осы маңызды мәселеге қатысты көптеген субъективті және жағымсыз негіздерге ашық қарсы тұруға тырысты.

Доктор Баллоктың еңбегі кез-келген зерттеудің немесе батыстағы ұлғайып келе жатқан саяси мәселеге айналған жамылғы тақырыбын талқылаудың маңызды негізін құрайды.

**Кэтрин Баллок «МҰСЫЛМАН ӘЙЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ЖАМЫЛҒЫ ТУРАЛЫ
ЖАҒАША ОЙЛАУ. ТАРИХИ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҚАЛЫПТАСҚАН ОЙ-
ЛАРҒА АШЫҚ ҚАРСЫ ШЫҒУ»**

Түпнұсқасының қысқартылған басылымы Кэтрин Баллок

ISBN hbk: 978-1-56564-433-5

ISBN pbk: 978-1-56564-432-8

2007-ші жыл

КІРІСПЕ

1991-ші жылы мен теледидардан жамылғыға қайта оралған түрік әйелдерін көрсеткен жаңалықты көрдім. Мен олар үшін шошып, қапаландым. Байғұстар, деп ойладым мен, олардың мәдениеті ой-саналарын жуып шаяды. Көптеген батыстықтар сияқты, мен ислам әйелдерді қысымдыққа түсіреді және жамылғы олардың қысымының белгісі деп сендім. Содан кейін төрт жыл өткенде, дүкеннің терезесінен өзімнің бейнемді көргенде, менің азап шеккен әйелдерге ұқсас киінгеніме таңқалдырғанымды елестетіп көріңіз. Менің магистр дәрежесін алу барысында басталған рухани сапарым төрт жылдан кейін менің ислам жолына келуіммен аяқталды. Бұл сапарым Исламға деген жеккөрінішпен басталып, ол дінді сыйлау, оған қызығу, оны қабылдауыма ұласты. Әрине, әйел болғандықтан, жамылғы мәселесі басты орынға ие болды.

Ислам дінінің негіздеріне қызығушылық танытқанымға қарамастан, мен әйелдерге қысым көрсететін деп санайтын іс-тәжірибелер мені қатты мазалады. Мен жамылғыны – мұсылман әйелдері сөзсіз түпкілікті жоя алатын мәдени дәстүр деп сездім. Маған көп мұсылмандар өздеріне тиісті деп санайтын ерлермен әйелдерге жабылуды міндеттейтін аяттар көрсетілді, сонда бұл аяттар шыныменде жабылуды талап ететіні маған әбден түсінікті болды. Мен мұсылман әйелдеріне деген қатты күйзеліс пен өкініш сезімінде, үйге аяғымды ілби басым әрең кеттім. Егер аяттар анық болған болса, онда иман келтірген мұсылман әйелдерге амалсыздан жабылу міндетті болар еді.

Менің исламды қабылдау не қабылдамауым үшін осы мәселелерді жылжыта тұруыма тура келді. Шешуші сәтте есепке Құдай жалғыз, Мұхаммед (с.ғ.с.)* Оның құлы және елшісі екенін хабарлайтын діннің түпкі дінтанулық негізі алынды. Ақыры, докторантурада жыл жарым оқи келіп (1994-ші жылдың шілде айы) маған ұнаса да, ұнамаса да Исламды қабылдаймын деп шештім. Бұл бұйрық еді, мен оған мойынсұндым. Мен өзімнің бөлімімдегі кейбір адамдарға мен мұсылман болғанымды және олар мені келесі көргенде мен жамылғы киетінімді ескерттім. Адамдардың қатты шошығанын айтпай ақ, бұл әңгіменің кең таралуына қараған-

* (с.ғ.с) – *Салляллаху алейхи уа саллям*. ‘Оған Алланың сәлемі мен игілігі болсын!’ Мұхаммед пайғамбардың аты аталған сайын айтылады.

да (мені жаңа көйлегімде көргенде) өзіме бағытталған дұшпандық көзқарастарға тап болғанымды байқадым. Мен сеніміме мықты әйгілі феминист бола тұра мұндай мұқатылу тәжірибесіне қалайша келістім? Мен исламды қалайша қабылдадым? Мен Хамастың жаңа ғана не істегенін естімеп пе едім? Мен мұсылман ердің жаңа ғана әйелге не істегенін естімеп пе едім? Мен мұндай дұшпандыққа мүлдем әзір емес едім; хатшылар, бюрократтар, медицина қызметкерлері немесе метродағы жалпы бейтаныс адамдар маған басқаша қарайтын болды. Менде тап соны сезіндім, бірақ мені жиі менсінбейтін. Мені ақ, орта деңгейдегі әйел сияқты қабылдаған жоқ. Бұл менің дискриминация мен нәсілшілдікке қатысты бірінші тәжірибем еді және бұл өзімнің бұрынғы артық жағдайымды тиісті деңгейде түсінбегенімді көруге мүмкіндік берді.

Менің жаңа мұсылман әйел достарым (соның ішінде көптеген дінге кіргендер) маған жаңа діни сезімдерім және оған сырттан көзқарастар туралы әңгімелерімде жұбату сөздерін айтты. Қызық, менің достарым бұл жағдайды қалай жеңе білді екен? Олар жамылғы киюді тап менің Торонтода кигенімдей сезінді ме екен, әлде мен тым сезімтал болдым ба? Шындығында адамдар көз тігіп метроға қарайма екен, әлде басқа нәрсеге ме...? Неге маған аяушылық және/немесе менсінбеушілік пен қарады? Осы қиын-қыстау кезеңде мен кандидаттық диссертацияма тақырып іздедім. диссертацияны қорғадым, бірақ мен одан біраз уақыт қашақтауға тырысқанмен, бас киімге жауап қайтару зерттелуге лайықты тақырып екені белгілі болды.

Неліктен «жамылғы» Батыста қысымшылық нышаны ретінде қарастырылды? Неліктен Батыс, бір қарағанда исламға кесір сөйлейді? Мен және менің достарым өздерімізге бостандық береді деп санайтын бір нәрсеге өздерімізді міндетті сезініп, айналамыздағы мұсылман емес қоғаммен қалайша соншама қайшылықта болғанбыз? Адамдар неліктен біздің исламның нұсқасы мен мойынорағышты білмеді?

Бұл кітап осы сұрақтарға жауап іздеу жолындағы сапардың нәтижесі. *Мұсылман әйелдері және жамылғы туралы* жаңаша ойлауның ең басты мақсаты – бұл жамылғы мұсылман әйелге қысымшылық деген батыстық қалыптасқан ойға ашық қарсы шығу. Менің басты дәлелімнің мәні – жамылғы мұсылман әйелдерді қысымдаудың құралы деген батыстық қа-

лыптасқан ойдың қолдан құрастырылған, жамылғыны тағатындардың тәжірибесіне сәйкес келмейтін бейне екенін көрсету. Бұл құрылым әрдайым батыстың саяси мақсаттарына қызмет етті және XX ғасырдың аяғында да жалғасуда. Сонымен қатар, жамылғы тағуды қысымшылық деп атайтын тұжырым, «теңдік» пен «бостандық» туралы басқа ойлаудың тәсілдерін ығыстырып, жамылғы тағудың неғұрлым оң көзқарастарын қарастыруды ұсынатын «теңдік» пен «бостандық» туралы ықтиярлы түсініктерге негізделген деп санаймын.

Бірінші тарау

Отарлық дәуірдегі хиджаб (жамылғы)

Жамылғы Батыста қашаннан бері қысымшылық құралы болып санала бастады? Мен идеяның түп-төркінін анықтай алмағаныммен, XVIII ғасырға таман еуропалықтар жамылғы мұсылмандар арасында қысымшылық ғұрыпы деп қабылдаған болуы анық. Дипломат күйеуі, құрметті Эдуард Уортли Монтегюмен бірге Түркияға сапарға шыққан британдық ханым Мэри Уортли Монтегю 1717-18-ші жж. жамылғының қысымшылық екендігі туралы деген пікірге қарсылық білдірді. Ол Түркияда жамылғымен біраз жүріп көргеннен кейін жамылғымен сыртқа шыққан әйелдің танымал болмайтынын айта отырып жамылғы әйелге бостандық беретінін дәлелдеуге тырысты.¹

Алайда, жамылғы қысымшылық деген ұғым XIX ғасырда жаңа және маңызды бағытты қабылдады, өйткені бұл Таяу Шығысты еуропалық отарлау дәуірі болды. Ахмед өз кітабында көрсеткендей, отарлаушылар бір жағынан бұл жаңа назарды Таяу Шығыстқа басып кіріп оны отарлау мақсатында әйелдердің төмендетілген деп есептеп жағдайын пайдаланып кетті. Отаршылдық кезеңінде еуропалықтар, ерлер мен әйелдер, олар – отарлаушылар, саяхатшылар, суретшілер, миссионерлер, ғалымдар, саясаткерлер немесе феминистер, осылардың қай қайсысыда мұсылман әйелдерінің өз мәдениеті тарапынан қысым көргендігі туралы бір пікірде болған. Жамылғы мұсылман әйелдерінің қысым көрсетулерінің бірсарынды тізімі – *полигамия* («*полигамия*» (грек тілінен *πολύς* – «көп», «қыруар»

және *γάμος* – «неке»), көп некелілік – бір мезгілде бірнеше ерлі-зайыптылардың бір мезгілде некеге тұруына мүмкіндік беретін неке (некелілік) нысаны), оқшаулану, еркектердің оңай ажырасуына кірді. Шын мәнінде, бұл жамылғы әйелдердің бүкіл нашарлаған күйі үшін стенографиялық сипатқа ие және еуропалық мәдениеттердің Таяу Шығыстағы шығыстық көзқарасын қамтамасыз ететін бүкіл Таяу Шығыстың (шығыстың) метафорасы (немесе белгісі) болды.²

Хиджабтың (жамылғының) езгілеушілік сипаттаған нәрсе екеніне тек Батыс қана сенімде емес еді. Жергілікті дегдарлар өздері туралы еврапалық шығыстану көзқарастарын сіндірді. Олар сонымен бірге өздерінің артта қалғандарын, әйелдерінің жағдайы төмендігін және бұл жағдайдан шығу үшін батыстың нұсқауларын орындаулары керек екендігіне көз жеткізді. Хиджабты (жамылғыны) шешу Батыс дегдарларға жетуді көксеген жергілікті дегдарлардың басты қажеттілігіне айналды. Осылайша «жамылғы» ұлттың өрлеудің немесе құлдыраудың күшті нышанына айналды.³

Бұл «жаңартуды» жүргізетін жоғарғы қатарлар болғандықтан, жамылғыға қарсы дәрістер жинағын сонымен бірге Жамылғыға және оның ескі рәміздік мағыналарына (тақуалық /байлық /мәртебенің белгісі) байланған қатарларға тиісу болды.⁴ Жамылғыға қарсы дәрістер жинағын ұлт ішіндегі Батысқа еліктеген дегдарлар және отарлау мәдениетін қабылдап, отаршылдықтан экономикалық және әлеуметтік жағынан пайда көргендер, үшіншіден, қалған төменгі қатардағы отаршылдықтан зардап шегіп Батыс жолымен жүре алмаған, мұсылман ұстаздарын және басқалар арасында апандай алшақтық орнатты.⁵

Осылайша, жамылғы қысымшылық деген түсінік үстемдіктен туындайтын идея немесе, кем дегенде, үстемдік етуге талпынғандықтан туындаған. Мұнда жамылғы мұсылман әйелдерін езгілеудің нышаны деген тұжырым ерікті-еріксіз жамылғы жөнінде шығыстанушы және отаршыл дәрістер жинағынан келді. Сондықтан, жамылғыға қатысты пікірталастар соншалықты жойқын көлемді қамтуы мүмкін. Жамылғы, Ахмедтің айтқандай, сонау отаршылдық кезеңнен бері шығыстанушылық мағыналарының «жүгін» көтеріп келеді.⁶ Бүгінгі мұсылман әлеміндегі жамылғыға қатысты күрес осы топтардың / мәдениеттің бөлінулерін суреттейді.

Қазіргі метафизика

Егер хиджаб Батыста кем дегенде 1700-жылдардан бері қысымшылық деп саналса, хиджабқа жаңа назар аударған XIX ғасырдағы отаршылдық дәуірде не себеп болды? Бұл тарауда мен хиджабтың (жамылғының) табиғаты, оның шабуылға ұшырауына көп ықпал ететін көзқарастың баяулатқышы болып табылатынына сенімдімін. Ойын серпінінің отарлау кезінде басталғанына қарамастан, олар бүгінгі күнге дейін жалғасуда және жамылғыға жасалған заманауи шабуылдарды түсіндіреді. Менің талдауым Тимоти Митчеллдің «*Мысырды отарлаудағы*» еуропалық «заманауи метафизикасы» туралы дәлелін кеңейтеді, онда адам өзін әлемнен тыс сезініп, материалдық әлемді дүниені қабылдау үшін жаратылмаған еуропалық емес метафизикамен сурет ретінде сезінеді. (әлем – бұл көрме)⁷

Көз бен парақ

Менің әлемдік көрменің заманауи тәжірибесі туралы атап өтуім керек нәрсе: «дәл қазір біз нысанды адамбыз», – деп 1851-ші жылдың жазында Ұлы көрмеге орай *The Times* жазған болатын. «Біз қолға түскен нәрсенің бәрін әйнек сөренің астына салып, оған көз тойғанша қарағымыз келеді».⁸

Бұл заманауи тәжірибенің «нысандылығын» Митчелл былай белгілейді: адам әлемге жоғардан төменге қарап, оны бейтарап жерден бақылап отыруға болатын сезім. Ал егер адам бұл көзқарасқа тыйым салатын әлеммен кездесе не болар еді? «Көзқарас» қаралатын нүктені талап етеді, яғни ол көру керек бірақ өзі көрінбеуі керек, сонымен қатар жергілікті тұрғындар өздерін көрініс ретінде көрсету керек. Еуропалық қонақтың отаршылдық дәуірде Таяу Шығысқа келген кезде қаншалықты ашуланғанын бірден байқау қиын емес, мұнда әйелдер бет-жүздерін жауып жүретін. Әйелдер өздерін жәдігер ретінде көрсетпейтін еді. Өздері тұратын үйлер де (көшеге қарайтын торлы терезелер), сондай-ақ ерлер мен әйелдердің бөлінуі де бұған жол бермейтін. Жабылған әйелдер дүниежүзілік көрменің барлық талаптарын бұзды: олар көрінбейтін еді; олар көрінбей тұрып, өздері көрді; және олар оқуға болатын сурет емес еді. Олар өздерін келушіге ұсынбаған жұмбақ жаратылыстар болды. Мен үшін бұл еуропалық жамылғыға қарсы науқанның маңызды қыры. Еуропалықтар Таяу Шығысқа өздерін өркениеттің шыңында екеніне берік сеніммен келген еді, бірақ бұл сенімдері Таяу Шығысқа келгенде әп-сәтте сейілді. Қалайша белгілі бола алмайтын тіршілік иелерінен биік болу немесе олардың үстінен үстемдік

жүргізу мүмкін. (өйткені оларды жәй немесе сурет сияқты ұстап көру мүмкін емес) Көрінбейтін нәрсені бақылау да мүмкін емес. Сонымен қатар, еуропалықтар жабық әйелдерге алаңдаушылық білдірді: еуропалықтар оларды өздері көре алмайтын әйелдер олардың үстіне қадағалайтынын әбден сезуші еді. Бұл әйелдерге еуропалықтардың үстінен билік берді. Бұл жоғары мен төменнің қарым-қатынастынасының екінші жақ беті еді – көрінбей тұрып көру. Міне, тап осы менің дәлелімнің негізі – еуропалықтар жауап соққы берді. Олар жамылғыға шабуыл жасады, оны шешуге тырысты; олар әйелдерді көру үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Олар әйелдерді суреттерде, фотосуреттерде және т.с.с. оларды жалаңаш немесе басқа жолдармен шешінген күйде әшкереледі. Осылайша, мұсылман әйелдерді шешіндіру науқаны басталды.

Қорытынды

«Заманауи метафизика», мұнда мағынасы материалдық зат пен материалдық емес құрылым арасындағы айырмашылық ретінде түсініледі, ол көзқарасқа үнілу арқылы Таяу Шығыстағы еуропалық қонақтарды жамылғыға шабуыл жасауға итермеледі. Жамылғы Еуропаның шығыстанушы көзқарасымен алға тартылған жобаны аяқтауына кедергі болды: шығыстың туа біткен кемшілігі және оны өркениеттендіруде Батыстың қажеттілігі. Отаршылдық дәрістер жинағында ілгерілеудің бағдары ретінде шығыстық жетіспеушілік және әйелдердің мәртебесіне баса назар аударылды.

Жергілікті дегдарлар Еуропаның жамылғы және гарем (арабша: *حريم*) түсініктеріне жармасып оны жаңартуға күш салысты. Хиджабтың (жамылғының) ежелгі тақуалықтың, байлық немесе мәртебелілік белгілеріне олар қысымшылық пен артта қалушылық мағыналарын қосып жіберді. Жаңа мағыналар бұрынғы мағыналарды алмастырмады, тек сыныптық позицияға бекітілген жаңа қат қана құрды. Осылайша, батысшыл дегдарлық азшылық пен батыстық емес дегдарлық көпшілік арасындағы алауыздық өршіді. Ахмед айтқандай жамылғы туралы әңгіме «отаршылдық үстемдік, қарсылық және таптық күрестің тарихымен дақтанған».⁹ Бұл динамика заманауи мұсылман әлеміндегі күресті жандандырады.

Екінші тарау

Хиджабты (жамылғыны) қабылдау және оны киюдің Торонтодағы тәжірибесі

Мен жамылғы кие бастағаннан кейін көп ұзамай Монреальдағы (Квебек, Канада) екі мектеп оқушысы сыныптан орамалды шешуден бас тартқаны үшін мектептен үйге қайтарылды.¹⁰ Бұл оқиғалар Канадада хиджабтың (жамылғының) мәні мен оның Канадалық қоғамдағы орны туралы пікірталасты тудырды. Канададағы бас киім маңындағы дау оның «бөтен» тәжірибелігіне негізделді, канадалықтар мұны «төлнұсқалық» деп қабылдау не қабылдамауды өздері шешу керек еді.

Канадалық телерадио хабарларын тарату комиссиясының (СВС) тергеу есебінде сұрақ қойылды: «Жамылғы канадалық екені туралы көк бояу сынағын өте ала ма?»¹¹ Қудаланған қыздардың Канадада туып өскендігі соншалықты маңызды емес еді. Джеффри Симпсонның *The Globe and Mail*-дегі, мұсылман әйелдердің қалауы бойынша жамылғы киюге құқығы болуы керек деген¹² пікірі жамылғы мұсылман әйелдерінің қысымшылығының «анық» белгісі дегенді бетке ұстаған екі әйелдің ашулы жауабын шақырды.¹³

Осы танымал пікірталастарда жабылған мұсылман әйелдердің өз дауыстары естілмеді. Бұл тарау Канаданың кейбір мұсылман әйелдерінің дауыстарын ұсына отырып, жоғардағы олқылықты толтыруға тырысады. Мен олардың көзқарастарынан «барлық мұсылмандарға» жалпыламаймын. Менің мақсатым мұсылман әйелдердің жамылғы туралы не ойлағанын терең түсіну болды. Мен 1996-шы жылдың мамыр-шілде айлары аралығында, Канаданың Онтарио провинциясындағы Торонто аймағында тұратын он бес суннит және бір исмаилит бағытындағы әйелдермен сұхбаттастым. Он алты адамның алтауы исламды қабылдады. Он адам әрқашан хиджап киген (оның бесеуі жаңа кіргендер), ал бесеуі хиджабты анда-санда киетін. Бұл әйелдердің тек екеуі жақын арада жамылғы киюге ұмтылмаған. Он бес суннит мұсылмандарының біреуі ғана бес уақыт намаз оқымады, сондықтан қалғандарын (өзінің діни ортасында белсенді болған исмаилит Ноханы қоса) басқа адамдар «діндар» деп санады.¹⁴ Солтүстік Америкадағы ислам ғалымдарының пікірі бойынша Солтүстік

Америкадағы мешіттердің белсенді қатысушылары (шамамен 1-5 пайыз) жергілікті ұсақ азшылықтың мардымсыз бөлігі еді.¹⁵ Мен сұхбат берушілерді жасыру үшін олардың аттарын өзгерттім.

ХИДЖАБТЫ (ЖАМЫЛҒЫНЫ) ҚАБЫЛДАУ

1. Неліктен жамылғы?

Жамылғы киген мұсылман әйелдерге кейде канадалықтар: «Бұл Канада. Сіз мұнда еркінсіз. Бұл затты басыңызға кию міндетті емес», – дейді. Мұндай пікірлердің нысаны болу ақпараттың жеткізілу мәнеріне байланысты қызықты немесе ұнамсыз болуы мүмкін.

Бір күні Оңтүстік Азиядан келген магистрант Нұрға кітапхана асханасында қарт әйел келіп, дұшпандық сипатта оның «неліктен Канадаға артта қалушылықты әкелгенін» сұрағанда, ол қыз бойсындырар күйге түсті. Ол әйел жамылғы кию олардың «Канадада әйелдер құқығы үшін шынымен атқарған қыруар еңбектерін көкке ұшыратынын» айтты. Нұр өзінің осы күйінің мақсаты өзіне көпшілік назарын аудару немесе өзін «жек көрудің оңай нысанасының бірі» болу емес, бұл «көбіне діни нәрсе» дегенде, әйел бұған аяғына дейін сенбей қандай себеппен болмасын нұрдың жамылғы кимеу керектігіне толық сенімді тұрса да сәл «тынышталғандай көрінді».

Нұр Канадалық дінде емес әйелге Канадада неге жамылғы кийетіндігін түсіндіру барысында діни дәлелдерді келтірді. Менің барлық сұхбаттасушыларым, тіпті сирек жабылған Фатима да, жабылуды ешқашан мақсат етпеген басқа әйелдерге қарағанда, жамылғы кию діннің бөлігі деп санайтын. Мен олардан мұны діннің бір бөлігі деп санау себептерін сұрағанымда, барлығы «бұл Құранда», «Құдай оны Құранда бұйырады» деп және т.б. жауаптар берді. Ислам дінін қабылдаған ағылшындық Басима «әйел кәмілет жасына жеткенде бет пен қолнан басқа ештеңе көрсетпеуі керек» деген хадистерге сілтеме жасады.

2. Дәстүрлі (яғни, еркекке негізделген) түсіндірме ме?

Өздері жабылмаған ғалым әйелдер қайта жамылғы кию қозғалысы туралы көп зерттеулердің авторы болды. Олардың көпшілігі сұхбат берушілердің Құранның бұйрықтары туралы мәлімдемесіне көлеңке

түсiрдi. Осы ғалымдардың көзқарасы бойынша, Құран исламшылдар сипаттайтын жабуды емес, қарапайым киiмдi талап етедi. Өздерiнiң зерттеулерiн осы бағытта жүргiзу – ғылыми мақалалары үшiн сұхбат берген әйелдерге едәуiр қызмет, өйткенi бұл олардың өздерi Құранды сұхбат берген әйелдерге қарағанда артықрақ түсiнетiндiктерiне сенiмдi болуынан. Түсiндiрмедегi айырмашылықтарға жақындаудың ең жақсы әдiсi – Карамның мысырлық феминизмдi зерттеуi. Ол ислам дiнiндегi әйелдердiң Құранда жазылғанды түсiндiрмелерiмен келiспегенiмен, олардың әдiс-тәсiлдерiне терең құрметпен қарайды: «Бұл классикалық туйық шеңбер болды: мен ислами ортада өскен мұсылман әйел ретiнде Құранның ислами негiздерiн терiске шығара алмадым, және әлеуметтiк ықпалдарынан нәрленген Құран түсiндiрмелерiн қабылдай алмадым».¹⁶ Жабылғандар да жабылмағандар да қарсы беттiң жалған санада алданып жүргенiне сенiмдi.¹⁷

Жабуды таңдаған әйелдердiң жалған санадан зардап шегуi туралы түсiнiк Батыста өте күштi. Мен университетке жамылғы кие бастағанда, топтасымның бiрi менiң досыма: «ол өзiне қысым көрсетiлiп жатқанын бiлмей ме?» дегенi бар. Алайда, Батыста өсiп жетiлiп мұсылман қоғамдастығының iшкi-сыртқы пiкiрталастардан бейхабар болған бiрде бiр әйел жабылуды артық көре алмайды. Мұсылман әлемiнде жамылғы ежелден келе жатқан дәстүр. Бұл туралы қазiргi пiкiрталастар салыстырмалы түрде жаңа болып табылады, бұл Батыс отаршылығымен қақтығысудан туындады. Канадада тұрып, кең қоғамдастықтың терiс бағасын және жалпы онымен бiрге болатын қысым мен кемсiтушiлiк тәжiрибесiн ескере отырып, жамылғы кию туралы шешiм қабылдау оңай емес.

Мен әнгiмелескен әйелдер неге оны киетiнi туралы нақты ойланбастан, күнделiктi кию туралы шешiм қабылдаған жоқ. Қайта оралу қозғалысының ғалымдары әйелдердiң жамылғы киюiне, саяси наразылықтан, экономикалық себептерге, тақуалыққа дейiн әртүрлi себептер бар екенiн анықтады. (Үшiншi тарауды қараңыз) Менiң сұхбаттасушыларым Құранның әр түрлi түсiндiрмелерiн қарастырып, оларға ең ұнайтынын таңдады. Олардың бәрi әйелдерден шаштарын жабуды талап ететiн Құран аятының тура екенiне сендi.

Көпшіліктің түсінігінде Исламды – әйелдерге зорлық-зомбылық пен қысымшылықты насихаттайтын жаман дін. Алайда менің зерттеуімде жамылғы зорлықта да, лаңкестікті де емес, «тазалықты», «қарапайымдылықты», «әйелдің исламдық болмысын» және «мойынсұнуды, немесе Құдайға мойынсұнуды» және «сіз мұсылман екендігіңізді білдіретін белгі. Олар жамылғыпен өздерін ішкідүниелік тыныштықта сезініп, оны кигенді ұнататын. Олар хиджабты (жамылғыны) қоғам үшін пайдалы деп сенді, өйткені жамылғы ерлер мен әйелдердің өзара қарым қатынасын «тазартады»; олар өздерін «секс нысандары» емес, жеке тұлға ретінде қарастыратындығын сезінді; қызғаныш пен қызғаныштың жағымсыз сезімдері әйелдер қамтылған қоғамда азаяр еді. Егер феминистік әдіснамалар мен білімнің негізі ретінде тәжірибе эпистемологиясының мағынасы болса, әйелдерді «жалған» сенімдерде жүр деп келеке қылудың жөні жоқ.

Үшінші тарау

Хиджабтың (жамылғының) бірнеше мағынасы

«Жамылғы» (тек бір ғана түрде) әйел қысымшылығының белгісі деген түсүнік жамылу дәстүрінің әлеуметтік күрделілігі көпшілік қабылдаған Батыстық ұғыммен қамтылмаған тұжырымға ие. Бұл кітаптағы менің мақсатым-бұл орамалды киген әрбір әйел оны мәжбүрлеп еріксіз көндіру арқылы таққанын және орамал оның исламдағы қысымшылық белгісі деген Батыста көпшілік қабылдаған тұжырымға ашық қарсы шығу. Бұл тарауда бақылаушының хидабқа бір жақты қарамауы үшін және «жамылғы қысымшылық» (мысалы, Франция мен Квебектегі мектептен шығарылған қыздар және жұмыста кемсіту немесе қысым көрген мұсылман әйелдер) деген мағынада зардап шегетін Батыстағы әйелдерге жасалған әділетсіздікке назар аудару үшін мен хиджабтың (жамылғының) көп түрлілігі туралы көрнекті түрде айтамын. Басқа елдердегі мұсылман әйелдердің тәжірибелері осы жерде мәнмәтінге және жеке айырмашылықтарға сәйкес өзгертін хиджабтың (жамылғының) бірнеше мағынасын көрсету үшін талданады. Мен академиялық зерттеулерден әйелдердің әртүрлі ынталандыруын алуға арналған жеті негізгі тақырыпты синтездедім: революциялық және саяси наразылық, діни себеп, қоғамдық ортаға үздіксіз қол

жетімділік, бастың жекелігін таныту, дәстүр және мемлекет құқық. Әрине, мен анықтаған тақырыптар арасында бірнеше қиылысулар бар және олардың көпшілігі бір әйелге қатысты болуы мүмкін. Келесі бөлімде мен осы зерттеулерден алынған тақырыптарды ұсынамын. Содан кейін мен қазіргі Батыс ақпарат құралдарында жамылғыға қосарластыратын мағыналарға қараймын. Бұл Батыста бұқаралық ақпарат құралдарында пайда болаған хиджабтың (жамылғының) бейнесі теріс, әйелдердің көзқарастарына аз қатысты болатындығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Жабылу себептері:

(1) *Революциялық наразылық*: 1950-ші жылдары Алжирдің тәуелсіздігі үшін күресте және 1970-ші жылдары Иранда бұрын жабылмаған әйелдер езуші үкіметтерді құлатуға көмектесу үшін жамылғы киді.¹⁸ Жамылғы біреудің отаршылыққа, батысқа еліктейтін дегдарлық тәртіптемеге және олар қорғаған нәрселерінің бәріне қарсы екендігін көрсетті.

(2) *Саяси наразылық*: Әйелдер жамылғы киіп, батыстықтардың дегдарлық бағдарламаларына және батыстық неоимпериализмге (жаңа империализмге) қарсы наразылық білдіріп, қазіргі саяси жағдайға, мемлекет жүргізетін саясатқа және / немесе Батыстың өз елдеріне «саудалық, технологиялық, саяси және әлеуметтік» шабуылдарына көңілді толмайтындығын білдіреді.¹⁹

(3) *Діни*: Батысқа және зайырлылыққа қарсы саяси наразылықтың ажырамас бөлігі – бұл исламға өміршең және жағымды балама саяси, әлеуметтік және экономикалық жүйе ретінде сенім. Көптеген әйелдер осы халықаралық қозғалыстың ерлер мен әйелдерге «ислами киімді» сақтау туралы үндеулеріне сүйене отырып өздері киінуге шешім қабылдады.²⁰

(3.1) *Қоғамды жақсарту*: Батыстану тақырыптарынан, шіркеу, мешіт меншіктерін мемлекетке қаратудан бас тартып исламды балама ретінде қабылдаумен қатар, жамылғы киетін әйелдер өздерінің қоғамды жақсартуға деген белсенді әрекеттерін сезінді. Бұл көзқарас бойынша, жамылғы әлеуметтік таптардың деңгейлерін теңестіреді.²¹ Уильямс Мысырдағы әйелдер хиджабты (жамылғылы) қоғамды қалпына келтірудің, оны тоқыраудан құтқарудың, *инхильяльдың* (арабша: *انھلال*) (бейбастақтықтың және ыдыраудың) алдын алу әдісі деп санайтындығын анықтады.²²

(4) *Қоғамдық ауқымға әрдайым қол жетімділік*: соңғы жылдары орамал кие бастаған әйелдердің барлығы бірдей діни сеніммен жабылған жоқ. Кейбіреулер ешқашан намаз оқымайтын бұл әйелдер жамылғы қоғамдық ортаға қол жетімділікті және қозғалысты жеңілдететінін анықтады: жұмыс іздеу; құрметке ие болу; және ер адамдардың тарапынан болу мүмкін зорлық-зомбылыққа қарсы күресте.²³

(5) *Бастын жекелігін көрсету*: әсіресе Батыс елдеріндегі мұсылман әйелдер үшін жамылғы киюдің тағы бір себебі, он алты жасында жабыла бастаған екінші ұрпақтағы азиаттық британдық әйел Надияның күйіне ұқсас: «...жамылғы кию мені ерекше сезіндіреді, бұл бастын жекелігін көрсету белгісі және менің дінім мен үшін маңызды екенін білдіру».²⁴

(6) *Дәстүр*: Көптеген мұсылман әйелдер хиджабты (жамылғыны) өздерінің отбасыларын немесе қоғамның әдет-ғұрпын және мәдениетін құрметтеу үшін киеді. АҚШ-та білім саласында бакалавр дәрежесін алған Сауд Арабиясынан келген 35 жасар мұғалім: «Ия, мен хиджабты (жамылғыны) сеніммен киемін», – деді. «Сіздің сеніміңіздің негізі неде?» деп аль Мунаджед сұрағанда, ол: «Мен өз дәстүрлеріме берікпін. Жамылғы кию – саудиялық әйел бас жекелігінің көрінісінің бір бөлігі. Бұл адамның өзін саудиялық мәдениеттің мөлшерлері және құндылықтарымен сәйкестендірудің нақты дәлелі... және мен қызымдыда да оны киюді үйретемін».²⁵

(7) *Мемлекеттік заңдардағы талап*: мемлекеттік заңдар талап етеді, мысалы 1979-шы жылғы Революциядан кейінгі Иранда және 1998-ші жылы Талибан билікке келгеннен кейінгі Ауғанстанда.

Хиджабтың (жамылғының) мағынасы: Батыс бұқаралық ақпарат құралдарының көзқарасы

Ынталандырудың әлеуметтанулық күрделілігі мен жабу мағыналары мен бірсарынды батыстық медиа-бейненің ынталандыруы мен мағынасының арасындағы айырмашылықты көрсету өте оңай. Батыс медиасы үшін жамылғы, көбінесе, қысымшылықты және исламның қысқартылған түрде берілген (қазіргі кезде ислам фундаментализмі деп аталған) барлық масқараларды білдіреді: лаңкестік, зорлық-зомбылық, қатыгездік және артта қалушылық. Бұл адамның тәжірибесіне ғана негізделген тетіктер орналасатын алдын-ала құйылған қалып сияқты.

Отаршылдық кезеңінде, жамылғы бүкіл шығыстың метафорасы («*meta-фора*» (көне грек тілінен аударғанда *μεταφορά* «көшіру»; «бейнелі мағына», *μετά* «жоғарыдан» + *φορός* «тірек») – затты немесе құбылысты салыстыруға негізделген сөз немесе сөз тіркесі кейбіреулерімен бірге бейнелі мағынада, олардың ортақ қасиеті негізінде қолданылады) болған сияқты, 1990-шы жылдары «жамылғы» сөзі ислам фундаментализмінің барлық масқараларының жалпылама атауы болды. Газеттер: «Жамылғы бүркенген Ислам қауіпі»;²⁶ «хиджабты (жамылғылы) әйелдер: Ислам содырлары әйелдерді құлдық ғасырға итермелеуде»;²⁷ «Орамал. Арқау: Исламшылдар бізге қалай енуде»;²⁸ «Бүркенген Ислам қауіпі»;²⁹ «Сенім әрекеті немесе қоғамға бүркенген қауіп?»;³⁰ «Мұсылман жамылғысы француз мектептеріндегі үйлесімділікке қауіп төндіруде, дейді министр»;³¹ «Жаңа заң: Бүркен де, тірі қал»;³² «Жамылғыта қамалған әйелдер», – деп айқай салды.³³ Сонымен, жамылғы исламда әйелдердің төмендігі туралы пайымдаулармен байланысты. «Жамылғы» «әйелдерге жасалған қысымшылықтың айқын белгісі» деп саналады,³⁴ мұны қабылдағысы келмеген әйелдерді әр түрлі әдіс-сатып алумен,³⁵ қатыгездік және нақты зорлық-зомбылықпен мәжбүр етеді.³⁶ Алайда, жоғарыда көргеніміздей, мұсылман елдеріндегі әйелдердің көпшілігі оны ықыласпен және сеніммен киеді. Скроггинс, Гудвин және Брукстың түсінігінде бұл әйелдер жұмсақ айтсақ, ақымақ, алданушы немесе елесті көрінеді, ал қаттырақ айтқанда, исламшыл білдірушілер, әйелдерге қарсы ұғымды қолдағаны үшін еркектер сияқты жауапты және кінәлі болып табылады.³⁷ Жоғарыда қарастырылған жамылғы маңындағы академиялық зерттеулерде негізгі орын алған жастар Гудвиннің өз зерттеуінде олардың жасына және әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты «ұшқарылыққа» оңай тартылады деп көрсетілген. Олардың «басым көпшілігі» жоғарыда аталған ғалымдармен сұхбаттасудан қашақтаған.³⁸ Брукстың пайымдауынша олар өз елін бір шама уақытқа кері тартатын бұлыңғыр болашақтың жаршысы ретінде ұсынылған. Бұл ғалымдардың зерттеулерінде Маклеодтың төменгі қатардағы Каирдегі қайта жабылу Мысырдағы исламдық қозғалысымен тікелей байланысы жоқтығы немесе Зухур мен Рухтың әлеуметтік-экономикалық емес,³⁹ тақуалыққа баса назар аударуы, немесе сол сияқты Бреннердің явандық әйелдерді болашақ көзқарастағы, оңтайлы және заманауи, өзін қайта тәрбиелеуге және қоғамды жақсартуға ұмтылатын әйелдер ретінде қабылдауы туралы бірде бір ескертпе не зерттеулер жоқ.⁴⁰

Төртінші тарау

Мернисси және жамылғы туралы дәрістер жинағы

Мароккалық феминист Фатима Мерниссидің *«Жамылғы артында»* және *«Жамылғы және Ерлер дегдарлары»* кітаптарындағы «Хиджабтың (жамылғының)» мәні Батыста кең көлемде талқылануда.⁴¹ Екі кітапта да Мернисси жамылғы әйел үстінен еркектің әділетсіз билігінің белгісі екендігін айтады. Әйелдерге қарағанда. Менің кітабым жамылғы таптаурынын қатал деп түсінуге бағытталғандықтан, осы екі кітапта кездескен Мерниссидің негізгі дәлелдерін сыни түрде жоққа шығарудың маңызы зор.

Мернисси және әдістеме

Фатима Мерниссидің Мароккода, бәлкім, туып-өсү барысында алған жеке рухани жарақаты әрдайым оның көптеген шығармаларында орын алып отырады. Мерниссидің өмірбаянынан әзілдер оның жамылғыға деген көзқарасын өте жақсы көрсетеді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде, әлі тоғызға толмаған Фатима және оның немере ағалары Хай-Гитлердің «қара шашты және қара көзді жек көретіні және қара шашты тұрғындарды байқаған жерлерді ұшақтан бомбалайтынын» себепті одан қорғану үшін өз шаштарын өзгерту немесе жабу керек деген қорытындыға келді.⁴² Мернисси анасының орамалдарының біреуін таққанда ашулы анасы оның басынан орамалды жұлып алып: «Ешқашан басыңды жаппа!» – деп айқайлады. – «Сен мені түсінесің бе? Ешқашан! Мен жамылғыға қарсы күресіп жатырмын, ал сен оны киіп жүрсің бе?! Бұл қандай ақылға сыймайтын нәрсе? ... Алеманның құдіретті патшасы Хай-Гитлер ізіне түссе де, – деді ол, ХХ сен ашық шашыңмен оған бетпе-бет келуің керек. Басыңды жауып, жасыру көмектеспейді. Жамылғы әйелдің мәселелерін шешпейді. Бұл оны жай құрбан ретінде анықтайды. Сенің әжең екеуміз осы бас жабудан азап шеккенбіз. Біз оның жұмыс істемейтінін білеміз. Мен қыздарымның, Алланың жаратқан жерінде басын көтеріп, жұлдыздарға қарап жүргенін қалаймын».⁴³

Бұл жағдайда, кішкентай бала жамылғыға деген екі жақты (немесе теріс) көзқарастан басқа ой өрбіте ала ма? Жас әйел артта қалған немесе ұлтшыл емес болып көрінбесе жабылуым керек деп шеше ала ма? Мернисси әлі күнге дейін бұл естеліктерден зардап шегеді және оның бүкіл денесі оның

ауыруын өзгерту мен жою әдісі ретінде аурудың себептерін іздестіреді. Мұндай жүйені кім айыптамас еді? Оның қатарынан сауатсыздықта ұсталған әйелдер сыртқа рұқсатпен шыққанда олар бет-жүздерін ниқаппен жауып тастауы керек еді («*ниқаб*») (араб тілінде: *النقاب* «жамылғы») – көзге арналған тар ойығы бар, бетті жауып тұратын дәстүрлі әйел бас киімі. Әдетте, ол қара матадан жасалған), және оның мұны хиджабты әйелдердің езгісімен теңестіретіні сөзсіз. Мәселе мынада, Мернисси Марокко жүйесіндегі өзінің жабыну тәжірибесін «нап нақты» тәжірибемен салыстыра отырып, жамылғы киюдің туа біткен немесе шынайы мағынасымен теңестіреді. Кейінірек егжей-тегжейлі түсіндіріп отырғанымдай, Мернисси жамылғылардың айналасындағы исламдық тәжірибенің (және олардың мағынасы үшінші тарауда сипатталған), сондай-ақ жабу төңірегіндегі исламдық пікірлердің көптігін де мойындамайды. Ол XX ғасырдағы Марокканың әлеуметтік/ саяси/ экономикалық жүйесін VII ғасырдағы араб жүйесімен теңестіретін, Марокканың XX ғасырдағы нәтижесін Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) исламның оң мінсіздігі деп елестеткеніндей тарихи емес тәсілді ұстанады. Ол сонымен бірге Мароккодағы нәтижені бүкіл мұсылман әлеміндегі нәтижелермен теңестіріп, мұнда ол «мұсылмандық» әлеуметтік тәртіппен жабынудың мағынасын, мысалы, Индонезияның, Бангладештың, Марокканың, Сауд Арабиясының және басқа жүйелердің VII ғасырдағы Арабиядағы алғашқы мұсылман қауымының жүйесіне ұқсас деп талқылайды.⁴⁴

